

«Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық Академиялық топ кураторы</b>	ҚарТУ ӘН IV-11-2021 Нұсқа 02 Күні 2021.09.20 11 беттің 1-ші беті
--	---	---

---

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ТОП КУРАТОРЫ**

**ҚарТУ ӘН IV-11-2021**

**Әзірлеген**  
**ПТ ҚЗИ басшысы**  
**Бушманова Б.А.**

---

**ПТ ҚЗИ ж.ғ.қ.**  
**Алпысбаева Н.А.**

---

**Қарағанды**

«Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Академиялық топ кураторы</b>	ҚарТУ ӘН IV-11-2021 Нұсқа 02 Күні 2021.09.20 11 беттің 2-ші беті
--	---	---

## Мазмұны

1. Қолдану саласы	3
2. Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар	3
3. Жалпы ережелер	3
4. Кураторлар факультетінің құрылымы	4
5. Куратор міндеттері	5
6. Куратор құқықтары	6
7. Келісім мен қолданысқа енгізу	7
8. Құжатты көбейту және жіберу	7
9. Сақтау	7
10. Құжатқа өзгерістер енгізу	7
Қосымша А Келісім парағы	8
Қосымша Б Келісім парағы	9
Қосымша В Жіберу парағы	10
Библиография	11

«Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Академиялық топ кураторы</b>	ҚарТУ ӘН IV-11-2021 Нұсқа 02 Күні 2021.09.20 11 беттің 3-ші беті
--	---	---

Енгізу уақыты \_\_\_\_\_  
(жылы, айы, күні)

## **1 Қолдану саласы**

Осы Әдістемелік нұсқаулық «Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ (одан әрі – ҚарТУ) кураторларының қызметіне талаптар қояды.

Осы Әдістемелік нұсқаулықпен оқу процессіне жауап беретін ҚарТУ бөлімшелері (факультет декандары, кафедралар мен профессорлық-оқытушылар құрамы) қолданады.

Осы Әдістемелік нұсқаулық сапа менеджмент жүйесі құжаттамасының құрамына жатады.

## **2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар**

Әдістемелік нұсқаулықта қолданылған қысқартулар:

ҚарТУ – «Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ;

ӘН – әдістемелік нұсқаулық;

ҚП – құжатталған процедура;

СББӨ – сапа бойынша басқару өкілі;

СМЖАО – Сапа менеджменті және аккредитациялау орталығы

## **3 Жалпы ережелер**

3.1. Рухани байлықты, тазалық пен ізгілікті, тән сұлулығын бойына жинаған, жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды тәрбиелеу болашақ маманның тұлғасын қалыптастырудағы басты мақсаттардың бірі болып табылады.

Осы міндет болашақ түлектерді кәсіби қызметіне дайындауды жетілдіру жұмысына барлық профессорлық-оқытушылар құрамының белсенді қатысуы арқасында жүзеге асырылады.

Студенттік топтардың тәлімгер-кураторларының қызметі, осы жоғары оқу орнындағы жалпы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі. Олардың көпжоспарлы жұмысы студенттердің жеке тұлға болып қалыптасуына елеулі ықпал етеді.

Академиялық топ – жоғары оқу орнындағы бастапқы студенттік ұжым, ол болашақ мамандардың азаматтық және кәсіби қасиеттерін қалыптастыру орталығы. Куратор – бұл студенттік топтарға оларға оқу және тәрбиелік жұмыста көмек беру үшін бекітілген оқытушы. Куратор – белгілі тәрбиелік іс-шаралардың ұйымдастыруы мен өткізілуіне жәй ғана жауапты емес, топты білімдік және тәрбиелік міндеттерді орындауға бағыттап, оның әр мүшесіне оң ықпал етуге қол жеткізетін, өзіндік ұжымын ұйымдастырушы. Ұйымшыл

«Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық Академиялық топ кураторы</b>	ҚарТУ ЭН IV-11-2021 Нұсқа 02 Күні 2021.09.20 11 беттің 4-ші беті
--	---	---

ұжымды құру және оларды тиімді басқаруды жүзеге асыру – кураторлардың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

3.2. Студенттік топ кураторлары оқу жылының басында студенттердің университетте бүкіл оқу мерзіміне факультет деканының өкімімен тағайындалады. Кураторлар жоғары оқу орындарында жұмыс тәжірибесі бар кафедра оқытушылары қатарынан тағайындалады. Куратор педагогикалық білімі бар, тек оқу және тәрбие теориясын меңгерген ғана емес, оны тәжірибеде қолдана білетін адам болуы керек.

3.3. Топтар кураторларын ауыстыру тек ерекше жағдайларда ғана өтеді. Куратор міндеттерінен босату себептері көрсетіліп, факультет деканының өкімімен жүзеге асырылады.

3.4. Жастар саясаты департаменті, Патриоттық тәрбие ҒЗИ топтардың кураторларымен тығыз қарым-қатынас орнатуы керек, оларды студенттер қатысатын барлық іс-шаралар туралы уақытылы ақпараттандыруы қажет.

3.5. Тәрбие жұмысын тұрақты және жоспарлы түрде жүргізу үшін кураторлармен келісім бойынша сабақтар кестесіне кураторлық сағаттар енгізіледі.

Куратор қызметі жеке жоспарына тәрбие жұмысы ретінде есеппен санағанда жылына 30 сағат және түрлі іс-шараларды өткізгені үшін қосымша сағаттар енгізіледі.

3.6. Куратор жұмысы оның байқауларға қатысу немесе кезекті оқытушылық қызметке қайта тағайындау үшін берілген мінездемесінде көрсетіледі.

## **4 Кураторлық жұмыс құрылымы**

4.1. Кураторлар жұмысын әкімшілік басқару қарапайым жолмен жүзеге асырылады: университет ректоры – тәрбие жұмысы бойынша проректор – декан – деканның тәрбие жұмысы бойынша орынбасары – кафедра меңгерушісі – топ кураторы.

4.2. Кураторлық жұмыстарды әдістемелік және ұйымдастырушылық басқаруын университеттің Кураторлар кеңесі факультеттің аға кураторы міндеті жүктелген, декандарының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары арқылы жүзеге асырады.

4.3. Кафедра меңгерушісі кураторлар қызметін басқарады және олардың жұмысына әр түрлі формалар (есептерін тыңдау, олардың қызметін кафедра отырыстарында, әдістемелік семинарларында талқылау, топтарда өтетін іс-шараларға қатысу және т.б.) қолданып, қажетті бақылау жүргізеді, кураторлар жұмысына көмек береді.

4.4. Кафедра меңгерушісі куратор болып тағайындалған оқытушылардың жұмысына жауапкершілік алады.

«Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Академиялық топ кураторы</b>	ҚарТУ ӘН IV-11-2021 Нұсқа 02 Күні 2021.09.20 11 беттің 5-ші беті
--	---	---

## **5 Куратор міндеттері**

Ректорат, декандар, факультет декандарының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары, кафедра меңгерушілерінің басшылығымен, студенттік активпен бірлесіп, ауызбіршілігі мол, белсенді және ұйымшыл ұжым қалыптастырып, кәсіби дайындығы, білім деңгейі, эрудиция және мәдениеті жоғары мамандарды, белсенді өмірлік ұстанымы бар азаматтарды, интеллигенцияның нағыз лайықты өкілдерін тәрбиелей отырып, куратор топтарда оқулық, қоғамдық және мәдени өмірді ұйымдастырады.

Осы міндеттерді шешу үшін куратор тарапынан:

5.1. Жауапты, белсенді және инициативті студенттер қатарынан топ активін қалыптастырылсын.

5.2. Топ белсенділерімен бірлесіп, студенттермен тәрбие жұмысының жоспары негізінде өтетін іс шаралардың семестрлік және жылдық жоспарлары әзірленсін, осы жоспардың орындалуы бақылауға алынсын.

5.3. Білім сапасын арттыру үшін студенттердің сабаққа қатысуна және ағымдық үлгеріміне тұрақты бақылау ұйымдастырылсын.

5.4. Оқу тәртібін бұзу, негізсіз себептермен оқулық кестеден қалыс қалу фактілері бойынша уақытылы шаралар қолданылсын, топтарда барлық бұзушылықтарды шұғыл талқыланып, кафедра, деканатқа тиісті ұсыныстар енгізілсін.

5.5. Тәрбие процесі барысында топтарда жұмыс істейтін оқытушылармен, деканатпен, Жастар саясаты департаменті және патриоттық тәрбие ҒЗИ-мен тығыз өзара әрекеттесуді қамтамасыз етілсін.

5.7. Студенттердің оқу дағдыларын қалыптастыруға, оқу сабақтарын спортпен, әуесқойлық өнермен дұрыс үйлестіруге, бос уақытын рационалды өткізуге ықпал ету.

5.8. Студенттердің қоғамдық белсенділігі мен бастамашылдығын дамыту.

5.9. Студенттерге өзін-өзі тәрбиелеу, білімін жетілдіру, тұлғалық ой-өрісті дамыту бойынша жеке жоспар құруға көмек көрсету.

5.10. Болашақ маманның кәсіби өсуін және тұлғалық әлеуметтік белсенділігін дамыту мақсатында студенттермен жеке жұмыс жүргізу, олардың көзқарасын, қызығушылықтарын зерттеу.

5.11. студенттердің ата-аналарымен жеке жұмыстар жүргізу; оларды сабақтар мен кураторлық сағаттарға қатысуы, сабақ үлгерімі, жетістіктері мен ЖОО Ережесін бұзушылықтары туралы жедел хабарландыру;

5.12. Студенттердің өмірі мен тұрмыстық жағдайын бақылау, үнемі жатақханаға бару;

5.13. Куратордың оқу мерзімі ішінде топпен жүргізілген тәрбие жұмысының барысы мен нәтижелері көрсетілген портфолиосын жинақтау;

«Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық Академиялық топ кураторы</b>	ҚарТУ ӘН IV-11-2021 Нұсқа 02 Күні 2021.09.20 11 беттің 6-ші беті
--	---	---

5.14. Өзінің педагогтік деңгейін арттыру, үздік кураторлар тәжірибесін зерттеу және жұмысында қолдану, үнемі тәрбие жұмысының әдістемесін жақсарту;

5.15. Мемлекеттік маңызы бар және қоғамдық қауіпсіздікке, азаматтардың денсаулығы мен әл-ауқатына әсер ететін іс шараларға студенттердің қатысуына жәрдемдесу жұмысын ұйымдастыру.

## **6 Куратор құқықтары**

Академиялық топ кураторының құқығы бар:

6.1. Студенттерді оқудағы жетістіктері, қоғамдық қызметі, байқауларға, әуесқойлық өнерге, спорттық-бұқара жұмысына қатысқаны үшін көтермелеу туралы топ белсенділерімен бірге талқылауға және ұсынуға;

6.2. Оқу жұмысы, өндірістік, дипломалды тәжірибе, тәжірибе орындары бойынша студенттерді бөлу сұрақтарын талқылауға қатысуға;

6.3. Кафедра, факультет және университет басшылығына студенттердің оқу-тәрбие жұмысын, тұрмыстық жағдайын, оқу және өндірістік тәжірибесін ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге;

6.4. Кафедра, деканат, ректорат, «Жас Орда» ҚарТУ жастар қауымдастығы, патриоттық тәрбие ФЗИ, Жастар саясаты департаменті тарапынан студенттік топ өміріне байланысты сұрақтардың шешілуіне белсенді қатысуға;

6.5. Студенттерді жатақханаға орналастыру сұрақтарын қарайтын комиссия жұмысына жәрдемдесуге;

6.6. Студенттерге мінездеме жазуға белсенді қатысуға;

6.7. Деканатқа және «Жас Орда» ҚарТУ жастар қауымдастығына мұқтаж студенттерге материалдық көмек беру туралы ұсыныспен шығуға;

6.8. Студенттік өзін-өзі басқару органдарының отырыстарына қатысуға;

6.9. Туындаған сұрақтарды шұғыл шешу үшін топпен кезектен тыс жиын өткізуге;

6.10. Студенттердің тәртіп бұзғаны, төмен үлгерімі және өзге де теріс әрекеттері үшін университетте белгіленген жауапкершілікке тарту туралы сұрақтар көтеруге;

6.11. Тәжірибе алмасу ретінде кураторлармен келісіп, өзге студенттік топтарда өтетін тәрбие іс шараларына қатысуға;

6.12. Студенттерге қатысты деканатта бар барлық қажетті мәліметтермен пайдалануға.

## **7 Келісу және қолданысқа енгізу**

7.1. Осы ӘН келісімі СББӨ, СМЖАО басшысымен жүргізіледі және «Келісім парағында» (А қосымшасы) рәсімделеді.

«Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Академиялық топ кураторы</b>	ҚарТУ ӘН IV-11-2021 Нұсқа 02 Күні 2021.09.20 11 беттің 7-ші беті
--	---	---

## **8 Құжатты көбейту және жіберу**

Осы ӘН көбейту және жіберу ҚарТУ ҚП II-01 сәйкес жүргізілу қажет.

## **9 Сақтау**

Осы ӘН сақтау ҚарТУ ҚП II-01 сәйкес жүргізілу қажет.

## **10 Құжатқа өзгерістер енгізу**

Осы ӘН өзгерістер ҚарТУ ҚП II-01 сәйкес енгізілуі қажет.









«Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ	<b>Әдістемелік нұсқаулық</b> <b>Академиялық топ кураторы</b>	ҚарТУ ӘН IV-11-2021 Нұсқа 02 Күні 2021.09.20 11 беттің 11-ші беті
--	---	--

## **Библиография**

- [1] Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім (01.07.2021 ж. енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен)
- [2] 29.06.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
- [3] 31.03.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы.
- [4] 01.07.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі.
- [5] Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР Білім және Ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (12.10.2018. ж. енгізілген толықтырулар, № 563 бұйрық).
- [6] Жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы (09.06.2021 ж. енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен).